

Сізге қандай көмек керек?

-Сәлеметсіз бе! Бұл онлайн дүкен бе? Әлеуметтік желіден көрген киімдерге тапсырыс берейін деп едім.

-Қайырлы күн! Иә, бұл онлайн дүкен. Сізді тыңдап тұрмыз.

-Мен ақ түсті жейде мен, қара түсті көйлекке тапсырыс бергім келеді.

-Өлшеміңіз қандай?

-Өлшемім “М”

-Тамаша, алайда дүкенде ақтүсті жейдеден жеңі қысқасы қалыпты. Дайындай берейін бе?

-Жоқ, маған жеңі ұзыны қажет. Тағы қанжай жеңі ұзын жейделер бар?

-Жеңі ұзын көк түсті жейде бар.

-Жақсы маған сол жейдеден беріңіз. Сіздерде төлем қалай жасалады?

-Бізде төлем онлайн карта арқылы жасалады. Сізден 23 500 тг.

-Жақсы, рақмет!

-Рақмет, сау болыңыз!

Тапсырма:

Дұрыс/бұрысын анықта

	Дұрыс	Бұрыс
Ол ақ түсті жейдеге тапсырыс бергісі келді		
Оның өлшемі “М”		
Дүкенде ақтүсті жейдеден жеңі ұзыны бар		
Төлем онлайн карта арқылы жасалады		
Киімнің бағасы 30 500 тг		

Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.
Түсі қандай және бұл не?

